

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің ректор өкілі

Женгиз Томар

«29» 04 2022 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің ректоры

Ж.Темірбекова

«29» 04 2022 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ КОДЕКСІ

АК-ХҚТУ-001-2022

АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Академиялық департамент және Ғылым департаментімен ӘЗІРЛЕНДІ
ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер
 - Академиялық департамент директоры А.Бостанова
 - Академиялық департамент директорының орынбасар
Мурат Келеш
 - Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің
басшысы Е.Шахабаев
 - Ғылым департаментінің директоры Х.Масадыков
 - Ғылыми зерттеу бөлімінің басшысы А.Балтабаева
3. Келісілді
 - Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
 - Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры
А.Ошибаева
 - Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры А.Тұрғанбаев
 - Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының
басшысы Ж.Дарибаев
 - Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
4. Енгізілді
 - 2022 жыл
5. Тексеру мерзімі
 - 2024 жыл

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан 2022



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АК-ХҚТУ-001-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	
Академиялық адалдық кодексі		14 беттің 2-ші беті

МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4	Өкілеттілік	5
5	Жалпы ережелер	5
6	Құндылықтар	6
7	Жауапкершілік, бұзушылықтар және шара қолдану мәселелері	7
7.1	Жауапкершілік	7
7.2	Академиялық адалдық бұзушылықтары	7
7.3	Академиялық қызметкерлер мен білім алушылардың Кодексті сақтау жауапкершілігі	9
7.4	Академиялық адалдық нормаларының бұзылуы	9
7.5	Шара қолдану	10
8	Өзгерістерді енгізу тәртібі	11
9	Келісу, сақтау және тарату	11
10	Қосымшалар	13
10.1	Танысу парағы	13
10.2	Өзгерістерді тіркеу парағы	14

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АК-ХҚТУ-001-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	
Академиялық адалдық кодексі		14 беттің 3-ші беті

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1. Бұл кодекс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде академиялық адалдық білім беру үрдісіндегі негізгі құндылықтардың бірі болып табылады оның негізгі қағидаттарын сақтауға арналған.

2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

2.1 Университеттің осы кодексінде төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2007 жылғы 27 шілдеде қабылданған (2018 жылдың 04 шілдесіндегі ҚР № 171-VI Заңымен толықтырулар мен өзгертулер енгізілген және 06 мамыр 2020 жылғы редакциясында № 323-VI заң);
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары», ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгерістерімен).
- «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістерімен);
- «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығымен бекітілген, (толықтырулар мен өзгерістерімен).
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген.
- «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ДСМ-63 бұйрығымен бекітілген.
- «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгерістерімен).
- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеттің Жарғысы;
- Ахмет Ясауи университетінің Стратегиялық даму жоспары;
- Ахмет Ясауи университетінің Академиялық саясаты.

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Осы Академиялық адалдық кодексі ҚР Білім және ғылым министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген 35 тармақшасына сәйкес әзірленді.

3.2 Осы Академиялық адалдық кодексте мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) академиялық күнтізбе (Academic Calendar) - оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі;

2) білім алушыларды аралық аттестаттау (АА) – білім алушылардың бір оқу сабағының, бір оқу пәнінің және (немесе) модульдің, сондай-ақ бір біліктілік шеңберінде кәсіптік модульдердің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын оларды зерделеп бітіргеннен кейінгі меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім;

3) білім алушыларды қорытынды аттестаттау – олардың тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу сабақтарының, оқу пәндерінің

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АК-ХҚТУ-001-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	
Академиялық адалдық кодексі		14 беттің 4-ші беті

және (немесе) модульдердің көлемін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім;

4) оқу нәтижелері – білім алушының білім беру бағдарламаларын және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастарды меңгергендігін көрсететін алған білімі, білігі, дағдылары көлемін дәлелді бағалау;

5) онлайн прокторинг – тұлғаны верификациялау және ойлайн-емтихандардан өту нәтижелерін растайтын жүйе;

6) Академиялық еркіндік – Білім беру үрдісінің субъектілеріне оларды таңдау бойынша жиынтық пәндерден, оқытудың қосымша түрлерінен білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы;

7) Академиялық деңгей – Қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша, тиісті оқу бағдарламаларын меңгерген білім алушыларға білім беру ұйымдары тағайындайтын дәреже.

3.3 Осы Академиялық адалдық кодексінде төмендегі қысқартулар қолданылады:

Ахмет Ясауи – университеті, ХҚТУ, Университет	Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
ҚР ҒЖБМ	– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;
ЖОО	– Жоғары оқу орыны
СМЖ	– Сапа менеджментінің жүйесі;
ОПҚ	– Оқытушы-профессорлар құрамы;
АК	– Аттестаттау комиссиясы
УЕ	– Университет ережелері
БББ	– Білім беру бағдарламасы
ҚБТ	– Қашықтықтан білім беру технологиясы
ҰБТ	– Ұлттық бірыңғай тестілеу
ЖБП	– Жалпы білім беретін пәндер
БП	– Базалық пәндер
ЖК	– Жоғары оқу орны компоненті
ТК	– Таңдау компоненті
ОҚТ	– Оқытудың қосымша түрлері
ҚА	– Қорытынды аттестаттау
НОЖ	– Негізгі оқу жоспары
ОББӨЖ	– Оқытушының басшылық етуімен білім алушылардың өзіндік жұмысы
БӨЖ	– Білім алушылардың өзіндік жұмысы
ОҚКЕ	– Объективті құрылымдық клиникалық емтихан
МҒЗЖ/ ЭЗЖД	– Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы/эксперименттік-зерттеу жұмысы.
ДҒЗЖ / ЭЗЖД	– Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы/эксперименттік-зерттеу жұмысы
ПОӘК	– Пәндердің оқу-әдістемелік кешені
ААЖ	– Автоматтандырылған ақпараттық жүйе
ЖОЖ	– Жеке оқу жоспары
АД	– Академиялық департамент
МЕК	– Мемлекеттік емтихан комиссиясы
МЖМС	– Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АК-ХҚТУ-001-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	
Академиялық адалдық кодексі		14 беттің 5-ші беті

- GPA – Үлгерімнің орташа балы
 Кодекс – Академиялық адалдық кодексі

4 ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы кодексі Ахмет Ясауи университетінің Сенат отырысында талқыланады және қарастырылады.

4.2 Университеттің осы кодексі Ахмет Ясауи университетінің ректоры және ректор өкілі тарапынан бекітіледі.

4.3 Университеттің осы кодексі талаптарының сапалы орындалуын Академиялық мәселелер жөніндегі вице-ректор қадағалайды.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Осы Академиялық адалдық кодексі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2007 жылғы 27 шілдеде қабылданған (2018 жылдың 04 шілдесіндегі ҚР № 171-VI Заңымен толықтырулар мен өзгертулер енгізілген және 06 мамыр 2020 жылғы редакциясында № 323-VI заң), «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары», ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген, «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152, Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығымен бекітілген, «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2, «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ДСМ-63, сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеттің Жарлығы, Ахмет Ясауи Университетінің Стратегиялық даму жоспарына және Ахмет Ясауи университетінің Академиялық саясатына сәйкес әзірленді.

5.2 Осы Кодекс университеттің білім беру қызметін жүзеге асыру және білім беру бағдарламаларын меңгеру кезінде тәртіп нормаларын анықтайды, білім алу барысында, жазбаша жұмыстарды орындау (курстық және дипломдық жұмыс (жоба), магистрлік және докторлық диссертация, ғылыми мақала жариялау, жұмыс баяндамасы немесе конференция мен өз еңбегі ретінде ұсынылған басқа да жазбаша жұмыстар) кезінде, емтиханға жауап беруде, зерттеулерде, өз ұстанымын білдіруде, қызметкерлермен, оқытушылармен өзара қарым-қатынаста, сондай-ақ бағалауда студенттің адалдығының көрінісін білдіретін құндылықтар мен қағидалар жиынтығын білдіреді.

5.3 Осы Кодекстің мақсаты білім беру үдерісінің барлық қатысушыларында (студенттерде, магистранттар мен докторанттарда, оқытушы-профессорлар құрамында, әкімшілік-басқарушылық және оқу-көмекші қызметкерлерінде) академиялық адалдықты сақтау қажеттілігінің түсінігін қалыптастыру болып табылады.

5.4 Академиялық адалдық саласындағы міндеттер:

- академиялық адалдықтың бұзылу жағдайларын болдырмау;
- академиялық адалдықты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жағдай жасау;

5.5 Академиялық адалдықтың негізгі қағидаттары:

- академиялық жұмыста адалдық пен өзара сыйластықты қалыптастыратын негізгі институционалдық құндылық ретінде академиялық адалдықты қамтамасыз ету;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АК-ХҚТУ-001-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	
Академиялық адалдық кодексі		14 беттің 6-ші беті

- жоғары әдеп құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған академиялық адалдықтың әділетті және объективті қағидаларын бекіту;
- басқа білім беру ұйымдарының верификацияланатын транскриптері негізінде білім алушының кредиттерін қайта есептеудің нақты тетігін және рәсімін анықтау жолымен білім алушының жүйелі және үздіксіз оқу траекториясын қамтамасыз ету;
- академиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін оқытушы ретінде оқытушыға құрмет көрсету;
- академиялық адалдықты ілгерілету және қорғау үшін білім беру процесінің қатысушыларын көтермелеу және ынталандыру;
- оқытушының пәннің нақты саясатын, білім алушыдан күтілетін талаптарды анықтауы;
- оқытушының білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нақты параметрлері саясатын анықтауы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін шаралар қабылдау;
- білім алушыларға білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсететін және академиялық ұждансыздықты көрсетудің алдын-алуға көмектесетін академиялық ортаны жасау.

6. ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Университеттің негізгі құндылықтары Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы мен әмбебап академиялық этиканың синтезі негізінде қалыптасты:

6.1 Серіктестік және құрмет: университет өз қызметін құрылтайшы мемлекеттердің бауырлас халықтардың достығына, теңдігіне, мәдени айырмашылықтарына құрмет пен толеранттылығына негізделген басты қағидаттарын басшылыққа ала отырып жүзеге асырады. Біздің негізгі ұстанымымыз - жеке адамды, оның құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу. Біз бір командада жұмыс істейміз, серіктестік негізде әріптестерімізге әрдайым қолдау көрсетуге дайынбыз. Біз бауырмалдық көзқарас пен жағымды энергия арқасында бір-бірімізге шабыт сыйлаймыз.

6.2 Ашықтық және сенім: білім беру қызметі барлық мүдделі тараптар мен көпшілік үшін ашық, еркін және қолжетімді түрде жүзеге асырылады. Университеттің басшылық лауазымдарындағы барлық адамдар өздерінің шешімдері, әрекеттері және олардың салдары үшін жауап береді. Біз өз пікірімізді ашық айтамыз және басқалардың пікірін тыңдаймыз. Біз студенттерімізге, оқытушыларымыз бен қызметкерлерімізге құлақ асамыз және олардың нақты қажеттіліктерін түсінеміз. Біз бір-бірімізге сенім арту арқылы, қоғамдық сенім мен әлеуметтік капиталды қалыптастырамыз. Біз университетіміздегі барлық адамдармен ұзақ мерзімді сенімді қарым-қатынас орнатамыз.

6.3 Әділдік және адалдық: біздің университеттің барлық қызметкерлері мен студенттері әділдік қағидасын ұстанады. Университет басшылығы қызметкерлерді кемсітуге ешқашан жол бермейді және оларды меритократия қағидасымен басқарып, олардың еңбегін құрметтейді. Білім беру және ғылыми қызмет үдерісінде академиялық этика мен парасаттылықтың жоғары стандарттары сақталады және қолдау табады.

6.4 Біліктілік және еңбекқорлық: біздің ұжым және білім алушылар еңбек үдерісіне оң көзбен қарап, көп жұмыс жасауға және нәтижеге жетуге бағдарланған. Біз ертеңгі еңбек нарығының қажеттіліктерін болжай алатын бәсекеге қабілетті білім беру бағдарламаларын жасауға ұмтыламыз, біз үшін бұл өте маңызды.

6.5 Инновация және бейімделу: біз инновациялық көзқарасты, белсенді позицияны, ұйымдастырушылық икемділік пен ұтқырлықты бағалаймыз. Өзгерістерге дайын болу - бастапқы жоспармен әрекет етуден гөрі маңызды. Біз үздік нәтижелерге қол жеткізу үшін үнемі жаңа мүмкіндіктерді іздейміз. Осылайша біз әлемді жақсы жағына өзгертетін жаңа идеяларды ойлап табамыз және оларды жүзеге асырамыз.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АК-ХҚТУ-001-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	
Академиялық адалдық кодексі		14 беттің 7-ші беті

7. ЖАУАПКЕРШІЛІК, БҰЗУШЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ШАРА ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

7.1 Жауапкершілік

7.1.1 Басқа зияткерлік меншікті пайдалануға қатысты негізгі принциптерін құрметтеу және сақтау;

7.1.2 Этикалық стандарттарды қабылдау және оларды қатаң сақтау;

7.1.3 Кез келген жұмыс түрінде, ауызша және жазбаша түрде, ағымдағы және қорытынды бағалау барысында барлық адалдық принциптерді сақтау;

7.1.4 Ұсынылатын жұмыстардың білім беру жобасына қатысушылардың жеке жұмысы болып табылатынын есте сақтау;

7.1.5 Бөтен шығармалардан үзінділер пайдалану кезінде цитата, бөтен сөздерді қолдану сияқты тәсілдерді пайдалану;

7.1.6 Зерттеу жұмысы, эссе, жазбаша өтініштерді жазу кезінде сілтемелер пайдалану, онда белгілі бір ойдың, автор мен шығармалардың қайдан алынғаны көрсету;

7.1.7 Өздерінің курстастарына жеке басына пайдалану мақсатында орындалған жұмыстарды, жеке меншікті материалды ұсынуға жол бермеу;

7.1.8 Өз жұмыс тәжірибесінде академиялық адалдық принциптерін енгізуге жәрдемдесу;

7.1.9 Академиялық бұзушылық орын алған жағдайда ескерту;

7.1.10 Білім алушылардың тұрақты дамуы мен этикаға негізделген интеллектуалдық және адамгершілік оқыту үшін жағдай жасау;

7.1.11 Қазақстан Республикасының аумағында да, сондай-ақ әлемдік қоғамдастықтағы қолданыстағы авторлық құқықтарды қорғау туралы нормативтік құжаттарды зерделеу;

7.1.12 Академиялық адалдық саясатын түсіндіру бойынша ақпараттық жұмыс өткізу;

7.1.13 Сабақ барысында, кездесулерді өткізу барысында, бөтен сөздер мен ойларды рәсімдеу тәсілдеріне көңіл бөлу;

7.1.14 Бұзушылық орын алған әрбір академиялық адалдықты қатаң есепке алу. Осындай жағдайлар туралы деканаттарды хабардар ету. Қажет болған жағдайда басшылыққа көмекке жүгіну;

7.1.15 Академиялық адалдықты қолдауға қатысты мәселелер бойынша семинарлар мен практикалық сабақтарға қатысу.

7.2 Академиялық адалдық бұзушылықтары

7.2.1 Академиялық адалдықтың астарында білім алушының білім алу кезінде жазбаша жұмыстарды (курстық, емтихан, эссе, диплом, диссертация т.б.) орындауда, емтихандарға жауап беруде, зерттеулерде, өз ұстанымын білдіруде, академиялық персоналмен, оқытушылармен және басқа да студенттермен өзара қарым-қатынаста, сондай-ақ бағалауда тазалығын білдіретін құндылықтар мен қағидалар жиынтығы айтылады.

7.2.2 Академиялық әділетсіздіктің астарында оқу, ғылыми және еңбек қызметімен байланысты кез келген әділетсіздік айтылады.

7.2.3 Академиялық адалдық бұзушылықтарының түрлері:

Келесі әрекеттер де плагиат ретінде бағаланады:

- түпнегізге сілтеме және тиісінше дәйексөз бермей басқа тұлғаның жазбаша жұмысының толық мәтіндерін немесе мәтін үзінділерін тікелей көшіру. Бұл ереже сондай-ақ ғаламтордан немесе басқа да электронды дереккөздерден материалдар көшіруге жатады;

- түпнегізді тиісінше көрсетпей мәтін элементтерін өзгертіп беру немесе сөздерін жартылай өзгерту;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АК-ХҚТУ-001-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	
Академиялық адалдық кодексі		14 беттің 8-ші беті

- сөздерді өзгерту, түпнегізге сілтеме жасамай сөйлем құрылымын көшіру немесе дереккөзге сілтеме жасамай бір не бірнеше сөйлемдерді мағынасына жақындатып өзгертіп беру;

- түпнегізді көрсетпей және/немесе автордың келісімінсіз кестелерді, суреттерді, сызбаларды тағы басқа ақпараттың визуалды көріністерін пайдалану;

- бірлескен зерттеулердің немесе басқа оқу тапсырмаларының нәтижелерін иелену;

- басқа адамның толықтай немесе жартылай орындаған жұмысын өз атынан тапсыру немесе жариялау;

- академиялық жұмыстарды жазуға тапсырыс алу бойынша арнайы сервистік қызметтер ұсынатын басқа тұлғалардың орындаған жұмыстарын ұсыну немесе жариялау;

- жұмыс мәтінін әдейі бұрмалау, оның ішінде шрифтін өзгерту, басқа алфавиттердің символдарын пайдалану, жұмыс мәтініне арнайы символдар қосу, сөздегі символ тәртібін өзгерту, мәтіннен символдар бөлігін алып тастау т.с.с.

7.2.4 Келесі әрекеттер көшіру болып саналады:

- емтихан материалдарына немесе тапсырмалардың мәнін ашатын емтихан материалдары туралы ақпаратқа заңсыз қол жеткізіп алу;

- шпаргалка, ұялы телефондар, басқа да мәтіндік хабарламалар құрылғыларын немесе өзіне не басқа білім алушыға көмек көрсету мақсатында ақпарат алудың заңсыз тәсілдерін пайдалану;

- басқа студенттің емтихан жұмысынан көшіру (оның рұқсатымен болса да, рұқсатсыз болса да);

- басқа студентке өзінің емтихан жұмысынан көшірту немесе жауаптарды басқа студенттерге беру;

- емтиханға бөлінген уақыт біткен соң емтихан тапсырмасын орындауды жалғастыру;

- басқа студентке емтихан тапсырмасын орындап беруге өтіну;

- басқа тұлғалар тарапынан жоғарыда сипатталған әрекеттердің қайсы бірін орындауға ықпал ету және мүмкіндік беру.

Бұрмалау – бағаларды немесе тапсырма жауаптарын, академиялық жазбаларды немесе басқа да құжаттарды, мәліметтерді (ғылыми сараптама кезінде бақылаулар, сауалнама нәтижелерінің жазбаларын қолдан жасау), академиялық жұмыста қойған қолды қолдан жасау, әдейі қолдан жасау немесе академиялық жұмысты жарамсыз ету.

Келесі әрекеттер ғылыми еңбектерді/жұмыстарды бұрмалау болып саналады:

- эмпирикалық мәліметтерді зерттеу нәтижелерін қолдан жасау;

- үшінші тұлғалардың жүргізген ғылыми жұмыстарын/еңбектерін өзінің жеке жұмысы ретінде ұсынуы;

- қалған сабақтарына, емтихандарына жасанды немесе жалған медициналық анықтамалар немесе еңбекке қабілетсіздік парағы, уақытылы орындалмаған жұмыстар т.с.с. университетке берілетін қандай-да жалған құжаттарды ұсыну.

Академиялық өнімді ойлап шығару – білім алушының академиялық өнім мазмұнын саналы түрде бұрмалау болып табылатын академиялық бұзушылығы, яғни білім алушыларға жалған мәліметтерді академиялық өнімде ұсыну.

Жасыру – университет студенттерінің немесе қызметкерлерінің Кодекстің нормалары мен ішкі құжаттарды сақтамауы және қызметін адал орындамағаны туралы ақпаратты айтпай қалу немесе жасыру.

Келісу – басқа білім алушыны тексеруге және бағалауға тиіс кез келген академиялық жұмысты орындау.

Оқу ақпаратына заңсыз қол жеткізу және (немесе) оны тарату – емтихан сұрақтарының жауаптарын беру, білім алушыға бағалау кезінде қойылатын сұрақтар туралы мәлімет беру, бағаланатын жұмыстар үшін жартылай немесе толық материалды тиісті рұқсатсыз тарату,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АК-ХҚТУ-001-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	
Академиялық адалдық кодексі		14 беттің 9-ші беті

дайын баяндамаларды, эсселерді, тапсырмаларды және басқа да академиялық жұмыстарды сату немесе сатып алуға және/немесе сатуға көмек беру, білім алушыларға ұсыну үшін электронды пошта, компьютер т.с.с. арқылы көшіріп бағаланатын жұмыстың жауаптарын кез келген жолмен ұрлау.

Заңсыз мүдделілік – оқытушы-профессорлар құрамына, сондай-ақ университет қызметкерлеріне түрлі формадағы сыйақы беру, сондай-ақ жеке мүдделілік фактілерін таныту.

7.2.5 Өзгенің интеллектуалды меншіктігін бұзатын әрекеттерге жол бермеу үшін:

- кез келген материалдарды пайдалану кезінде түпнегізге сүйену;
- автор сөздерінің үзіндісін сөзбе-сөз келтірген жағдайда мәтін бетін көрсету арқылы түпнегізге сілтеме жасау және тырнақшаны пайдалану;
- жазбаша жұмыстарда сілтеме жасайтын түпнегіздерді библиографиялық тізімге қосу;
- оқытушы рұқсат берген бірлескен жұмыс жағдайында білім алушылар орындалуы дербес негізде талап етілетін тапсырмаларды нақты шектей отырып бірлескен жұмыстың оқытушы белгілеген шекараларын қатаң ұстануы тиіс.

Авто-плагиат фактісіне жол бермес үшін:

- өзінің алдында жарияланған жұмысынан элементтерді пайдалану арқылы жұмыс жазу кезінде тиісті сілтемені көрсету.

7.2.6 Оқытушылар мен білім алушылар «Плагиатқа қарсы интернет-жүйеде» пәндерді, СӨЖ және СОӨЖ тапсырмаларын оқу аясында жазбаша жұмыстарды, бітіру диссертациялары мен жобаларды, монографияларды, мақалаларды тексеруге жауапты болады.

7.2.7 Докторанттар Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптары бойынша өз бетінше диссертацияларды міндетті түрде тексеруден өткізуі тиіс.

7.3 Академиялық қызметкерлер мен білім алушылардың Кодексті сақтау жауапкершілігі

7.3.1 Университет академиялық немесе тәртіптік сипаттағы кез келген бұзушылық жағдайларды қарау кезінде қызметкерлер мен студенттердің конституциялық және заңды құқықтарын сақтауға міндетті.

7.3.2 Университет қызметкерлері мен студенттері осы Кодекстің нормаларын білуге және сақтауға, өз әрекеті мен тәртібіне бірдей деңгейде жауапты болуға міндетті.

7.3.3 Университеттің барлық қызметкерлері мен студенттері осы Кодекспен таныс болуы тиіс.

7.3.4 Факультет деканаттары студенттерді осы Кодекспен таныстыруға міндетті.

7.3.5 Кодекс нормаларын білмеу оларды сақтамау жауапкершілігінен босатпайды.

7.3.6 Кодекстің сақталуын бақылау декандар мен университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.

7.3.7 Факультет декандары студенттермен және оқытушылармен академиялық адалдықты жүйелі сақтау тақырыбына алдын-ала әңгімелесу өткізуі тиіс.

7.3.8 Қызметкерлерге Кодекс нормаларын сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және еңбек шарттарына/оқу шарттарына сәйкес шаралар қабылдау.

7.3.9 Студенттерге Кодекс нормаларын бұзғаны үшін осы Кодекстің ережелеріне және оқу шарттарына сәйкес шаралар қабылдау.

7.4 Академиялық адалдық нормаларының бұзылуы

Келесі жағдайлар академиялық бұзушылық болып табылады:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АК-ХҚТУ-001-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	
Академиялық адалдық кодексі		14 беттің 10-ші беті

- басқа білім алушылардың академиялық жұмысына әдейі араласу немесе кедергі жасау;
- Университеттің компьютерлік желісіне рұқсатсыз қол жеткізу немесе абыройына нұқсан келтіретін компьютерлік қауіпсіздікті сақтамау;
- ереже талаптарын, оқу келісім-шарттарын және Университеттің басқа да ішкі құжаттарын қосқанда, Университеттің негізгі талаптарын орындаудан бас тарту.
- плагиат немесе өзге интеллектуалды меншіктікті иелену сияқты қаралатын кез келген әрекеттер;
- заңсыз жолмен алынған материалдарды пайдалану немесе бітіру жұмысын қосқанда, тапсырмаларды орындау не академиялық жұмыстарды жазу кезінде пайдаланатын материалдар мен мәліметтерді бұрмалау;
- білім алушыларға жоғарыда сипатталған әрекеттердің қайсы бірін орындауға ықпал ету.

7.5 Шара қолдану

7.5.1 Бұзушылықтың әрбір жеке жағдайы оның ауырлық дәрежесіне, жасалу ниетіне, бұзушылықтан құтылу мүмкіндігіне, жасалу жүйелілігіне, оқу қызметіне қатысты бұзушылық нәтижесінде орын алуы мүмкін салдарына, басқа тұлғаларға немесе университетке тиер зиянына қарай жеке қарастырылады.

7.5.2. Бұзушылық жасаған тұлғаға қолданылатын жауапкершілік түрлері:

- ескерту;
- жұмысты және/немесе қойған бағаны жауапты тұлғалар толтырған Акт арқылы жою;
- бағаланатын жұмыстарды, оның ішінде диссертациялық жұмыстарды қорғауға рұқсат бермеу;
- тәртіптік жаза қолдану.

7.5.3 Ескерту білімгерлердің әділдік жауапкершілігін орнату және жаңа бұзушылықтар жасауға жол бермеу мақсатында жауапты тұлғалар тарапынан жасалынады.

7.5.4. Жұмысты және/немесе қойған бағаны жауапты тұлғалар толтырған Акт арқылы жою аралық аттестатау барысында жасалынады.

7.5.5 Жауапты тұлғалар орын алған бұзушылыққа Акт толтырады, тіркеуші офисіне жеткізеді. Акт негізінде білім алушыға пән бойынша 0 балл, F бағасы қойылады.

7.5.6 Бағаланатын жұмыстарды оның ішінде дипломдық, диссертациялық жұмыстарды қорғауға рұқсат бермеу Университет білім алушыларын қорытынды аттестаттау ережесі және Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесі талаптарына сәйкес іске асырылады.

7.5.7 Жауапкершілікке тарту кезінде академиялық адалдықты бұзу сипаты, бұзушылықты жасаған адамның тұлғасы, оның бұзушылықты жасағанға дейінгі және кейінгі тәртібі ескеріледі.

7.5.8 Білім алушыларға бұзушылық фактісі бойынша тәртіптік жаза қолдануда келесідей процедуралардың орындалуы талап етіледі:

- бұзушылықты жасаған білім алушы курс оқытушысына (академиялық бұзушылық жағдайында) немесе ғылыми жетекшіге (тәртіптік бұзушылық жағдайында) жағдайдың түсіндірмесін жазбаша түрде ұсынуы тиіс;

- оқытушы немесе ғылыми жетекші факультет деканының атына қызмет хат дайындап жібереді, онда бұзушылық фактісі, себептері, білім алушы мұндай әрекеттерді бұрын жасаған-жасамағаны туралы баяндайды, білім алушымен өткізген кездесу бойынша

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АК-ХҚТУ-001-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	
Академиялық адалдық кодексі		14 беттің 11-ші беті

ақпаратты және білім алушыға қатысты шара қолдануды ұсынады. Қызмет хатқа білім алушының түсіндірме хаты қоса беріледі;

- факультет деканы қызмет хатты бойынша факультет кеңесінде нәтижелерін талқылау жүргізіп, университеттің Этикалық және тәртіп комиссиясына ұсынады;

- комиссия қызмет хатты қарайды. Комиссия шара қолдану туралы ұсыным шығарғанға дейін заң бөлімімен кеңеседі. Істің барлық мән-жайы анықталғаннан кейін тиісті шара қолданылады;

- комиссия жиналыс өткізеді, оған білім алушы қатысады. Жиналыс хаттамасы жазбаша түрде рәсімделеді;

- декан білім алушыға жазбаша ескерту жібереді, онда жасалған бұзушылықтың фактілері, қолданған шаралар және белгіленген шара қысқаша баяндалады. Білім алушы белгіленген шара туралы жазбаша ескертуді алғаны жөнінде қол қоюы тиіс;

- комиссия, қажет болған жағдайда, жасаған бұзушылықтың ауырлығына қарай жетекшілік ететін вице-президентті, ректорды шешім қабылдауға қатыстырады немесе қатыстыруы мүмкін.

- декан Академиялық департаментке хабарлайды және оларға тиісті бұйрықты даярлау үшін материалдарды жеткізеді.

7.5.9 Білім алушылардың академиялық бұзушылық жағдайында университет келесідей шаралар қолдана алады:

- мәселенің орындалуына немесе оның күрделілігіне талап етілетін тақырып бойынша өзгеріс енгізу арқылы оқу тапсырмасын қайталап орындау;

- академиялық бұзушылық түріне қарай тапсырма бойынша бағасын төмендету;

- жазбаша ескерту;

- емтихандарды ақылы негізде тапсыру арқылы курсты қайталап оқуға апарып соғатын курстан шығару;

- университеттен шығару.

7.5.10 Плагиат немесе өзіндік плагиат (самоплагиат) фактілері айқындалғанда «Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарында, ПОҚ оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерінде мәтінді пайдалануды тексеру ережесінде» көрсетілген шараларына сәйкес жүргізіледі

8 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1 Университеттің осы кодексін басқару және өзгерістер енгізу ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

8.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Қосымша Б).

9 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1 Осы университет кодексін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

9.2 Осы университет кодексінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Академиялық департамент директорына жүктеледі. Осы университет кодексінің жұмыс нұсқалары келесі адресстер бойынша жіберіледі: Вице-ректорлар,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АК-ХҚТУ-001-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	
Академиялық адалдық кодексі		14 беттің 12-ші беті

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		АК-ХҚТУ-001-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	
Академиялық адалдық кодексі		14 беттің 12-ші беті

факультет декандары, кафедра менгерушілері, оқытушы-профессорлар құрамы мен білімгерлер.

9.3 Осы университет ережесінің бакылау данасын Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығында сақтау жауапкершілігі орталық басшысына жүктеледі.

КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы

Заң бөлімінің басшысы

Э.Идрисова

А.Опибаева

А.Тұрғанбаев

Ж.Дарибаев

Г.Мусаханов

